

2024 жылғы 16-22 наурыз аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 66%-ды құрайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен алаптары бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

Синоптикалық болжамға сәйкес, 2024 жылғы 16-22 наурыз аралығында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа райының тұрақсыз сипаты күтіледі, жауын-шашын жаңбыр мен қар түрінде, көктайғақ құбылыстары, тұман, желдің күшеюі, солтүстік, орталық және шығыс өңірлерде бұрқасынмен. Қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) 16-17, 20-21 наурызда оңтүстік-батыста (Маңғыстау облысы), 18 наурызда батыста (Батыс Қазақстан, Атырау облыстары), 19 наурызда солтүстік-батыста (Қостанай облысы), 20 наурызда шығыста (Шығыс Қазақстан, Абай облыстары), 21 наурызда - қатты қар болжанады. 19-22 наурызда еліміздің оңтүстігінде, оңтүстік-шығысында (Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстары) қатты жауын-шашын күтіледі. 20-21 наурызда еліміздің солтүстігінде (Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстары) қатты қар күтіледі.

ҚР басым бөлігінде ауа температурасы аптаның бірінші жартысында біртіндеп жоғарылауы күтіледі, аптаның екінші жартысында суық антициклонның енуімен ауа температурасы төмендейді (3 қосымша).

Гидрологиялық және метеорологиялық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда «Қазгидромет» су тасқыны қаупі туралы дауылды ескертулермен алдын ала хабардар ететін болады.

Қазақстанның **жазық өзендерінің** алаптары бойынша жинақталған ылғал қорының көлемі келесідей қалыптасты:

Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша

7.03–14.03.2024 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

Нұра өзені алабы бойынша 172 млн.м³ көбейді және 561 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 14%-ға жоғары.

Шерубайнұра өзені алабы бойынша 14 млн.м³ көбейді және 324 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 45%-ға жоғары.

Кеңгір өзені алабы бойынша 95 млн.м³ көбейді және 611 млн.м³ құрады.

2024 жылғы 16-22 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Нұра өзенімен Самарқанд су қоймасына келетін су (Балықты ГБ тұстамасы бойынша) 0.43-0.65 млн.м³ көлемінде;

- Шерубайнұра өзенімен Шерубайнұра су қоймасына келетін су (Қарамұрын ГБ тұстамасы бойынша) 0.88-1.32 млн.м³ көлемінде;

- Кеңгір өзенімен Кеңгір су қоймасына келетін су (Қаракеңгір және Сарыкеңгір ГБ тұстамалары бойынша) күтілмейді.

**Есіл өзені алабы бойынша
(Ақмола және СҚО облыстары бойынша)**

7.03–14.03.2024 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

Бастауынан Астана су қоймасына дейін 27 млн.м³ көбейді және 207 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 28%-ға төмен.

Қалқұтан өзені алабы бойынша (Есіл өзенінің саласы) 116 млн.м³ көбейді және 1931 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 18%-ға жоғары.

Жабай өзені алабы бойынша (Есіл өзенінің саласы) 76 млн.м³ көбейді және 1407 млн.м³ құрады, бұл орташа көпжылдық мәннен 46%-ға жоғары.

Сергеевское су қоймасына дейін 472 млн.м³ көбейді және 8024 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 79%-ға жоғары.

Сілеті өзені алабы бойынша 37 млн.м³ көбейді және 459 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 24 %-ға төмен.

Шағалалы өзені алабы бойынша 7 млн.м³ көбейді және 110 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 110%-ға жоғары.

**2024 жылғы 16-22 наурыз аралығындағы
кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі**

- Есіл және Мойылды өзендері бойынша Астана су қоймасына келетін су (Түрген және Николаевка ГБ тұстамалары бойынша) 0.16-0.24 млн.м³ көлемінде;

- Есіл өзені бойынша Сергеевское су қоймасына келетін су (Тоқсан би және Соколовка а. – Иманбұрлық ө. ГБ тұстамалары бойынша) 1.70-2.60 млн.м³ көлемінде;

- Сілеті өзені бойынша Сілеті су қоймасына келетін су (Бестоғай ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді;

- Шағалалы өзені бойынша Шағалалы су қоймасына келетін су (Павловка ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді.

Ақтөбе облысы бойынша

7.03–14.03.2024 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өзені алабы** 33 млн.м³ көбейді және 314 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 24%-ға төмен.

- **Қарғала өзені алабы** 38 млн.м³ көбейді және 280 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мән шегінде.

**2024 жылғы 16-22 наурыз аралығындағы
кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі**

- Ілек өзені бойынша Ақтөбе су қоймасына келетін су (Бестамақ ГБ тұстамасы бойынша) 0.25-0.36 млн.м³ көлемінде;

- Қарғала өзені бойынша Қарғала су қоймасына келетін су (Троицк және Қосістек ГБ тұстамалары бойынша) 0.19-0.27 млн.м³ көлемінде.

Батыс Қазақстан облысы бойынша

7.03–14.03.2024 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Шыңғырлау өзені алабы бойынша** 9 млн.м³ азайды және 368 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

- **Шежің-2 өзені алабы бойынша** 1 млн.м³ көбейді және 30 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 24%-ға төмен.

- **Деркүл өзені алабы бойынша** 6 млн.м³ азайды және 100 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 41%-ға төмен.

- **Шаған өзені алабы бойынша** 23 млн.м³ азайды және 193 млн.м³ құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 46%-ға төмен.

Қостанай облысы бойынша

7.03–14.03.2024 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Тобыл өзенінің алабы бойынша (Жоғарғы Тобыл су қоймасынан жоғары)** 37 млн.м³-қа азайды, 917 млн.м³-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 12%-ға жоғары.

- **Тобыл және Әйет ө. алабы бойынша (Қаратомар су қоймасына келетін су)** 81 млн.м³-қа көбейді және 887 млн.м³-ты құрады, бұл орташа көпжылдық мәннен 64%-ға жоғары.

2024 жылғы 16-22 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Тобыл өзені бойынша Жоғарғы Тобыл су қоймасына (Гришенка ГБ тұстамасы бойынша) 0.73-1.09 млн.м³ көлемінде;

- Әйет өзені бойынша Қаратомар су қоймасына (Варваринка ГБ тұстамасы бойынша) 0.50-0.80 млн.м³ көлемінде.

Таулы өзендер

Шығыс Қазақстан, Абай, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Абай, Алматы, Жетісу, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшеу маршрутының ұзындығы орта есеппен 100 км-ді құрайды, тиісінше тау өзендері бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2024 жылғы сәуірдің алғашқы күндерінде ұсынылатын болады.

Шығыс Қазақстан және Абай облыстары бойынша

Шығыс Қазақстан облысы аумағының қармен жабу ауданы 100%-ды құрайды.

Абай облысы бойынша 92%-ды құрайды.

Шұлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде сенді мұз шоғырлары байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 63 см. Семиярка ауылында мұздың орташа қалыңдығы 84 см-ді құрайды.

Павлодар облысының аумағында РФ шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде мұздың орташа қалыңдығы 70-84 см-ді құрайды.

Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша

Түркістан облысының аумағын қармен жабу алаңы 62%-ды құрайды.

Қызылорда облысының аумағын қармен жабу алаңы 3%-ды құрайды.

Шардара су қоймасынан төмен Түркістан облысы аумағындағы Сырдария өзенінде Қараөзек (Қызылорда облысы) т.ж.ст. дейін мұз толығымен ереді. Жосалы қ.ү.а. бастап Қаратерең ауылына дейін анжыр жүру және қалдық жағалық мұздар байқалады.

Жамбыл облысы бойынша

Облыс аумағының қармен жабу алаңы 44%-ды құрайды.

Облыс өзендерінде мұз құбылыстары байқалмайды.

Алматы мен Жетісу облыстары бойынша

Алматы облысы аумағының қармен жабу алаңы 34%-ды құрайды.

Жетісу облысы аумағының қармен жабу алаңы 41%-ды құрайды.

Қапшағай су қоймасынан төмен Іле өзенінде Үшжарма ауылынан Жиделі ауылына дейін мұзқұрсау, қалдық жағалық мұздар байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 25 см дейін құрайды.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Трансшекаралық өзендер бойынша

Ескерту:

- Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90 %-ы шекаралас мемлекеттер аумағында қалыптасады;

- ағын үлесі, ҚР су алу шекті өлшемі мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады;

- жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандықтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

4-қосымшада 2024 жылғы вегетациялық кезеңге арналған Узгидромет болжамы ұсынылған.

Бас директор

Д. Алимбаева

Бас директордың бірінші орынбасары

С. Саиров

Гидрология департаменті директоры

А. Ахметов

Орындаушы

С. Ибраев